

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛ ШИШЬСЬ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№83-84 [2466-2467] 06/09/2019

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ДӘЙКЕСӨЗ

Ләззат ЖҰМАШЕВА,
«ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ
КЛИЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС
ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ
ДИРЕКТОРЫ:

«ҚАЗАҚСТАН – АГРАРЛЫ ЕЛ. ҰЛТТЫҚ ОПЕРАТОР ӘРБІР ЕГІН ЖИНАУ МАУСЫМЫ КЕЗІНДЕ КОМПАНИЯ КЛИЕНТТЕРІНІҢ АСТЫҒЫ МЕН ҰНЫН ЖЕДЕЛ ЖӘНЕ УАҚЫТЫЛЫ ТАСЫМАЛДАУДЫ МІНДЕТІНЕ АЛАДЫ»

ФОРУМ

МАШИНАЖАСАУШЫЛАР БАС ҚОСАДЫ

Үстіміздегі жылдың 12-13 қыркүйегінде Нұр-Сұлтан қаласында Қазақстан машина жасаушыларының VII форумы өтеді. «Машина жасау Қазақстанның индустрияландыру драйвері» тақырыбына арналған форумның миссиясы жаңа уақыттың сын-тегеуріндеріне жауап беретін отандық машина жасауды дамыту.

Форумға мыңға жуық делегат қатысады деп күтілуде. Олардың арасында қазақстандық және шетелдік машинажасау кәсіпорындарының жетекшілері, орталық мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор, даму институттары, бизнес ассоциациялар өкілдері мен машинажасау өнімдерінің ірі тұтынушылары бар. Форумның мақсаты машинажасау саласын дамытудың стратегиялық бағытын талқылап, 2019-2024 жылдарға арналған Жол картасы шеңберінде саланы дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеу және жаңа уақыт сын-тегеуріндерін сараптау; импортталмастыру мәселелерін талқылау, өндірісті ынталандыру бойынша ұсыныс әзірлеу, саладағы жастар мәртебесін арттыру, сондай-ақ, цифрландыру жағдайында отандық өндірісті дамытуға қатысты жаңа тәсілдерді талқылау болса, міндеттері өндірісті ынталандыру және саланы дамыту бойынша ҚР Үкіметі мен «Атамекен» ҰКП үшін конструктивті ұсыныстар дайындау, жас мамандардың мәртебесін көтеру және жастарды машинажасау саласын таңдауға ынталандыру, саланы цифрландыру проблемаларын талқылай отырып, оларды шешуді оңтайлы жолдарын қарастыру, сонымен қатар бәсекеге қабілеттілікті арттыру және салаға инвестициялар тарту бойынша нақты шараларды анықтау, сала проблемаларын шешу үшін B2G, B2B шеңберінде жемісті диалогты жолға қою екен.

Форум жұмысы әртүрлі тақырыпты қамтыған төрт панельдік сессияға ұласады және форум шеңберінде секциялық салалық жиындар өтеді. Олардың бірі мұнайгаз машинажасау саласына арналса, екіншісі ауыл шаруашылығы, үшіншісі тау-кен металлургиялық, төртіншісі, теміржол машинажасау салаларына, ал бесіншісі машинажасау технологиялары, техникалық реттеу және цифрландыру тақырыбына арналмақ. Сонымен қатар форум аясында көрме ұйымдастырылып, онда жанынға қатысушылар өндірушілердің маамандандырылған көрме экспозицияларымен таныса алады. Сондай-ақ, осы форум жұмысы барысында жастармен «Менің өмірім – менің таңдауым» тақырыбында «тікелей» коммуникация форматында кездесу өткізіліп, роботтехника бойынша байқау қорытындысы жасалмақ.

Нұрбек БЕКЕН

СЕРВИС



ПРОВЕРЬТЕ СВОЙ МАРШРУТ

Увидеть свой маршрут с правильным временем отправления и прибытия теперь можно на сайте АО «НК «ҚТЖ». Так, администраторы сайта bilet.railways.kz, изучив замечания и комментарии пользователей, внесли ряд изменений в работу сервиса.

Асель ШАЙХЫНОВА

В новой версии портала пользователи могут увидеть как полный маршрут, по которому будет следовать поезд, так и конкретный отрезок пути. При этом маршрут отображается с правильным временем отправления и прибытия на станции. Кстати, этот функционал впервые

появился и в мобильной версии сайта.

Вместе с тем, пассажиры теперь могут сэкономить на покупке билета. В частности, внедрена новая опция, которая позволяет клиентам отказаться от постельного белья при коротких поездках. В этом случае его цена будет вычтена из стоимости билета.

– Большая работа была проведена над скоростью работы сайта и «листа ожидания», пол-

ностью пересмотрена архитектура работы с оператором фискальных данных РК. Также решена проблема с некорректной работой фильтра выбора предпочитаемых мест. Значительно упрощена процедура регистрации пользователя на сайте, теперь нет необходимости ждать подтверждения регистрации на почту. Добавлены новые почтовые серверы, улучшена скорость отправки электронной почты, – рассказали представители администрации сайта.

Учли разработчики и пожелания некоторых пользователей, у которых возникал вопрос, связанный с сохранением пола и номера телефона для списка пассажиров. Специалисты скорректировали этот элемент меню, сделали его более удобным для клиентов.

ЖОБА

«АЙҚЫН БАҒЫТ» – АЛЫСТАН БАҚЫЛАУ

Бұдан былай «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша жылжымалы құрам, темір жолдар жағдайы, өткелдер мен көпірлер ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің «Айқын бағыт» жобалық кеңсесі арқылы қашықтан бақылауға алынады.



Райхан РАХМЕТОВА

Бұл туралы кеше аталған министрлікте көлік саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа әдістерін қолдануға және комитет қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған жобаларды іске асыратын кеңеснің ашылуында Көлік комитетінің өкілдері баяндады. Бақылау темір жол компаниясының ақпараттық жүйесіне аталған комитеттің қолы жеткеннен бастап жүргізіледі. Бүгінгі таңда ұлттық компанияның АСО ҰП, яғни тасымалды жедел басқарудың автоматтандырылған жүйесі және «Пойыз-мониторинг» АБК жүйелері бойынша жұмыстар аяқталды.

– Көлік саласындағы сыбайлас жемқорлықпен күресудің жаңа әдістерін қолдану, Комитет қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ашылған «Айқын бағыт» жобалық кеңсесінің негізгі жобаларының ішінде темір жол бағыты да бар. Яғни жылжымалы құрам мен темір жолға, өткелдер мен жасанды имараттарға техникалық және сервистік қызмет көрсету, жөндеу мерзімі мен түрлеріне бақылау жасалмақ, – дейді көлік комитетінің темір жол көлігі бойынша бақылау басқармасының басшысы Асқар Төлеген.

Осы бақылаудың нәтижесінде пойыздар жүрісі немесе мерзімі бойынша жөндеудің қоспарлы түрлеріне, жөндеу мерзімі өтіп кеткен пойыздардың орналасуына, құрамдағы

жолаушылар вагонының санына, жолаушылар билетінің сатылымына, жолаушылардың жиілігі мен қайтарылған билеттер санына мониторинг жүргізіледі. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның ақпараттық жүйесі арқылы дер кезінде жоғарлы алдын алу жөндеуінен өтпеген жасанды имараттар, өткелдер мен жолдар және жылжымалы құрамдар анықталып, соған байланысты қозғалыс қауіпсіздігіне қатер төндіріп тұрған сол құрамдар жұмысы мен көпірлер мен өткелдерді пайдалануды тоқтатуға шешімдер қабылданады.

Сонымен қатар, «Магистраль» басқарудың автоматтандырылған жүйесі арқылы жоғары жер төсемдерінің жарамсыз жағдайда болуына жол берілмейді. Осы жүйемен комитет барлығы 21 мың км жолды бақылауда ұстайды. Осы аралықта соның 7293 км-не тексеру жүргізілген. Ал «Экспресс» автоматтандырылған жүйесі арқылы олар пойызға билетсіз мінген 787 жолаушыны анықтаған. Мұның бәрі шаруашылық субъектілерін аяқтай барып тексеруді азайтып, темір жол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуының алдын алуға, темір жол көлігінде барлық субъектілерді қамтуға және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін кемітуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, комитет қызметінің тиімділігін арттыру үшін функционалдық талдау жүргізу және бизнес-үдерістерді оңтайландыру жолымен ISO 9001 стандартына қол жеткізу жобасы әзірленген. Қазіргі уақытта функционалдық талдау жүргізу нәтижесінде министрліктің, комитеттің және құрылымдық басқармалардың ережелеріне тиісті өзгерістер енгізілуде. Сонымен қатар, әрбір маманның лауазымдық нұсқаулықтарында жүктелген міндеттер нақты көрсетілді. Бұдан бөлек, комитетте деректердің үлкен көлемін санаулы мерзімде өңдеуге мүмкіндік беретін BI-жүйелерді енгізу жөніндегі жоба іске асырылып жатыр.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ПЕРЕВОЗКИ

ЭКСПОРТНЫЙ ПОТЕНЦИАЛ ЗЕРНА

Казахстан в следующем маркетинговом году экспортирует семь миллионов тонн зерна и муки, сообщил министр сельского хозяйства Сапархан Омаров на заседании Правительства РК. Отметим, только в августе текущего года по сети АО «НК «ҚТЖ» погрузка зерна на экспорт составила 287 тысяч тонн.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

– Рынки сбыта определены, экспортный потенциал зерна и муки на 2019-2020 маркетинговый год составит порядка 7 миллионов тонн, – сказал Сапархан Омаров.

Он также подчеркнул, что аграрное ведомство совместно с АО «НК «ҚТЖ» работает на опережение по вопросу обеспечения зерна нового урожая вагонами-зерновозами. Также, продолжил министр, в стране не должно быть проблем с размещением зерновых на элеваторах.

– Общая емкость хранения зерна в республике составляет 27 миллионов тонн, в том числе на хлебоприемных предприятиях – 12,4 мил-

лиона, у сельхозтоваропроизводителей – 14,6 миллиона тонн. Указанного объема мощностью достаточно для хранения прогнозируемого урожая, – сказал он.

Вместе с тем, министр призвал акиматы областей вести постоянный мониторинг подготовки элеваторов к приемке урожая 2019 года, а также держать на постоянном контроле вопрос обеспечения бесперебойного перемещения зерна с полей на элеваторы.

Напомним, в прошлом маркетинговом году прогнозы по экспорту зерна и муки из Казахстана доходили до 10,5 миллиона тонн со стороны Продкорпорации, Минсельхоз был более сдержан в оценках – от 8 до 9 миллионов тонн.

Председатель правления АО «Национальная компания «Продовольственная контрактная корпорация» Ринат Акбердин сообщил, что в наступившем маркетинговом сезоне 2019-2020 годов корпорация планирует экспортировать в Китай полмиллиона тонн зерна.

Он напомнил, что до сих пор поставки казахстанского зерна и муки в Китай только увеличивались: в 2016 году на китайский рынок был поставлен объем порядка 300 тысяч тонн, в 2018-м поставки возросли до 600 тысяч. По словам главы Продкорпорации, на сегодня у этой структуры имеются действующие контракты с китайскими партнерами, отгрузка по которым продолжает осуществляться.

АҚПАРАТ

ТАБЫСТЫ ТАМЫЗ

Тамыз айы табысты аяқталды дегуге негіз бар. Осы айда «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы желісі бойынша 22 млн тонна жүк тасымалданды.

Бұл жүктің басым бөлігін, яғни 8,6 млн тоннасын қатты көмір отырың құрап отырған көрінеді. Жылу беру маусымы жақындаған сайын көмір тасымалы қарқын ала бастаған сыңайлы. Соның 6 млн тоннадан астамы елдің ішкі тұтыну нарығына жөнелтілсе, қалғаны шет елдерге асқан. Ал тамыз айында 400 мың тоннадан астам астық тасымалы жүзеге асып, оның экспортқа шығарылған көлемі 287 мың тоннаны құраған екен. Бұдан байқайтынмыз – қазақ астығына шетелдік тұтынушылар тарапынан сұраныстың жоғары болып отырғаны. Есепті айдағы пайдаланымдағы жүк айналымына келсек, оның көлемі 19 млрд т-км неттоны құраған.

Жалпы алғанда, үстіміздегі жылдың сегіз айындағы көрсеткіш көңіл сергітерлік. Жыл басынан бері «ҚТЖ» ҰК» АҚ желілері бойынша 165 млн тонна жүк тиеліп, жөнелтілген. Соның ішінде, тиелген 65 млн тонна көмірдің 44 млн тоннадан астамы Қазақстан ішінде қалып, өңірлерге таратылса, тиелген 6,4 млн тонна астықтың 4,3 млн тоннасы шетелге экспортталған.

Қаңтар-тамыз айларында пайдаланымдағы жүк айналымының 146 млрд-тан астам тонна-км неттоны құрап және бұл көрсеткіштің өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,6%-ке өскенін байқаймыз.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ мамандары өткен жылмен салыстырғанда биыл сегіз айда пайдалану қызметіндегі сапалық көрсеткіштердің де жақсара түскенін айтып отыр. Атап айтқанда, локомотив және жүк вагонының өнімділігі 2% және 2,8%-терге өссе, жүк пойызы қозғалысының телімдік және техникалық жылдамдықтары, жұмыс вагонының айналымы 2,2%-терге артқан.

Ислам ТАЛІПАТ

ОСМОТР

ПОДГОТОВКА К ЗИМЕ НАЧАЛАСЬ

В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо прошел предкомиссионный осмотр, на котором определены объем работ, которые будут проводиться в период осеннего комиссионного осмотра локомотивов.

Начальник отдела контроля ремонта локомотивов Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо Андрей Шабалин рассказал, что предкомиссионный осмотр на предприятии проводился с 15 по 31 августа. Сам осенний комиссионный осмотр локомотивов будет проходить с 10 сентября по 31 октября.

– Осмотру подлежат 15 тепловозов серии ТЭ33А «Эволюшн», 16 – СКДбе, один – серии 2Т10М, – добавил Андрей Шабалин. – Во время осеннего комиссионного осмотра локомотивы приведу в надлежащее техническое, культурно-эстетическое состояние для работы в зимний период.

По его данным, тепловозы серии СКДбе по необходимости проходят ремонт в локомотивно-ремонтном депо (ЛРД) станции Шар, сервисное обслуживание «Эволюшн» проводят в ЛРД станции Аягоз, а тепловозы серии 2Т10 ремонтируют в ЛРД станции Шу.

К слову, по итогам весеннего комиссионного осмотра в этом году за высокое качество подготовки тепловозов к работе в летний период Оскеменское эксплуатационное локомотивное депо заняло первое место в категории «Локомотивные депо первой группы».

Ольга УШАКОВА, Усть-Каменогорск

БҮГІНГІ САҢ

БИЫЛ

106,6 млн тонна

КӨМІР ТАСЫМАЛДАУ ЖОСПАРЛАНҒАН

АҚПАРАТ

ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ
ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛҒА
КӨШТІ

Теміржол көлігімен тасымал қызметін жүзеге асыратын ұлттық оператор «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы жылжымалы құрамның жұмысын тиімді жоспарлауды қамтамасыз ету және бос астық тасымалдаушы вагондар паркінің бос тұрып қалу уақытын азайтуды мақсат етіп отыр.

Осы мақсатта «ҚТЖ» ҰК» АҚ ақпараттық жүйесін ҚТЖ-ның астық тасымалдау туралы деректермен алмасу бойынша астық қолхаттарының ақпараттық жүйесімен және Ауыл шаруашылығы министрлігінің астық қолхаттары иелерінің астық тасымалдаушы вагондарды беруге өтінімдері бойынша ықпалдастыру іске асырылды. Жүйенің әкімшісі ҚР Қаржы министрлігінің бөлімшесі болып табылатын «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ.

Бұл интеграциялық өзара іс-қимылдың басты мақсаттары болып бірінші кезекте, елдегі және экспортқа шығарылатын астық балансын одан әрмен қарай жасап отыру үшін, астық қозғалысы туралы жедел ақпаратпен ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігін қамтамасыз ету арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігін сақтау болса, екіншісі, тікелей астық иелері үшін темір жол көлігі қызметтерінің қолжетімділігін арттыру және бос астық тасымалдаушы вагондар паркінің бос тұрып қалу уақытын төмендету жолымен елдің көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету екен.

Бұл өз кезегінде, астық қолхаттарымен расталған, астықтың нақты көлеміне қарай жылжымалы құрамның жұмысын тиімді жоспарлауға, сонымен қатар, астық тасушы вагондарға дүрлікпе суранысты азайтуға, сондай-ақ, астық таситын вагондар мен астыққа қатысты делдалдық операцияларды қысқартуға ықпал етпек. Интеграциялық өзара іс-қимыл процесінде берілетін мәліметтер құпия болып табылып, бөгде тұлғаларға, оның ішінде, ашық ресурстарда жариялануға жатпайды. Сонымен қатар, тараптар осы мәліметтерді қолдау үшін біріктірілген (жалпыланған) тәртіппен пайдалана алады.

Ислам ТАЛҒАТ

ВАГОНДАР
ЖАҢАРАДЫ

Маусымдық билет тапшылығына ықпал ететін факторлардың бірі – вагондар жетіспеушілігі екені мәлім. Бұл әсіресе, мәселенің ушығатын кезеңі – жазғы демалыстар мен мереке күндерінде қатты байқалады.

Бүгінгі таңда Қазақстан темір жолында жолаушылар паркінің тозу деңгейі Тальго вагондарын есепке алмағанда 72 пайызды, ал барлық вагон паркі бойынша 46 пайызды құрайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2-3 жыл көлемінде тағы 300-ге жуық жаңа жолаушылар вагондарын сатып алуға шешім қабылдады. Сонымен қатар ҚР Үкіметі жыл сайын 100-150 жаңа жолаушылар вагондарын алуға қарыз ретінде бюджеттік қаржы бөлу бойынша мәселені қарастырады. Компания ұзақмерзімді перспективада жолаушылар вагондарын көмірсіз жылыту арқылы электрлі орталықтандырылған жүйе бойынша жақсартылған техникалық сипаттағы вагондарға бағдарланбақ.

Бұл ретте Тальго вагондары сыйымдылығы жағынан стандарт вагондардан кішірек болып келеді және келісім шартта техникалық сервистік қызмет көрсетуде валюта бойынша 65 пайызды құрап отыр. Соған орай компания «Патентес Тальгомен» келісім шартты әрі қарай созбайды.

Әсел ШАЙХЫНОВА

ҚАУІПТІ СЕЙІЛТУ
ТЕТІГІ

Теміржол саласы бойынша стратегиялық маңызды нысандар аумағында, оның ішінде вокзал сынды қоғамдық орындардағы террорлық қауіптіліктің алдын алу – күн тәртібінен түспей келе жатқан мәселе.

Семей теміржол вокзалынан тәулігіне 2250-2280 жолаушыға дейін өтеді. Жергілікті теміржол бекетінде лаңкестік қауіптің алдын алу және түрлі бұзақылық пен ұрыққа жол бермеу мақсатында қазіргі таңда 82 бейнебақылау камерасы орнатылған. Яғни, вокзал перроннан бастап күту залы, «теміржол алаңы», іргегеі көліктер тұрағы сынды орындар тәулік бойы қадағаланады. Арнайы таблодағы қозғалыс барысы, жүргіншілер алақандағыдай көрінеді.

Бейнебақылау арқылы вокзал аумағындағы қозғалыс барысын қалтқысыз назарда ұстауға болады. Жүріс-тұрысы күдік тудыратын, деструктивті жат ағым өкілдерін де бірден байқап, жеке басын анықтауға болады. Террорлық актілердің алдын алуда күндіз-түні қадағалау жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы зор, – дейді Семей станциясы ЖІБ полиция бөлімінің жедел уәкілі Еркебұлан Құдайбергенов.

Мұнымен қатар, бүгінде Семей теміржолы бойынша «ҚР діни экстремизм және терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама» талаптары аясында барлық вокзалдар ішінде лаңкестік қауіпке байланысты жадинамалар ілініп, «қауырт желі» телефон номерлері берілген. Сол тәрізді террорлық актің алдын алу бойынша алдын ала хабарлау, қатер орын алған сын сағаттағы қызметкерлер әрекеті туралы ақпараттық-түсіндіру жұмыстары да белсенді жүргізіліп жатыр.

Қуаныш ҚОЖАЕВ, Семей
Суретті түсірген автор

ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

АҚАУДЫҢ ТОҚСАН ТОҒЫЗ ТҮРІ БАР...

Бурабай курорты станциясынан бастап Ерейментауға дейінгі темір жолдың жарамдылығы Ірілендірілген Астана жол дистанциясының ақаутабу цехының жұмысына да байланысты екені талас тудырмайды.

Ұлан ОРАЗ

Көнігі теміржолшы, өмір бойы ақау табу саласында еңбек етіп келе жатқан шебер Олег Соловьев басқаратын аталған цехта бүгінгі таңда барлығы 44 адам еңбек етеді. Рельстердің ақауын табуға маманданған цехтың ақаутабу операторлары 23 ақауатпқыш арбасымен станция мен перегондар арасындағы жолдардың рельсін күн сайын бақылауда ұстап отыр. Бұл арбалардың тоғызсы – регистраторы бар заманауи өнім. Мұны өздері компьютерлік ақауатпқыш деп атайды. Онлайн режимде жұмыс істейтін бұл жаңа дәуір арбалары ақауды анықтап қана қоймай, оны жазып алады, сөйтіп одан әрі мәліметтерді компьютерге береді. Оны арнайы маман – таспаны айырып оқушы оператор зерттеп талдау жүргізеді. Олегтің айтуынша, рельс ақауларының 99 түрі болады. Сонымен қатар олар ақаулы рельстер және өткір ақаулы рельстер деп екіге бөлінеді. Өткір ақаулы түрлері бірден ауыстырылуға тіркеледі.

Перегондарға арнайы көлікпен барамыз, дистанциядан сол үшін еріп баратын бір адам бөлінеді, белгі беруші де бірге жүреді. Басқа станцияларда цех бөлімдері бар. Оларды аға ақауатпқыштар, былайша айтқанда бригадирлер басқарады. Жылына бір рет жоспар бойынша қанша тексеру жүргізілетіні бойынша паспорт жасалады. Жылдық паспорт бойынша ай сайынғы кесте жасаймыз. Орташа



есеппен күніне бір арбамен 100 км рельс қаралады, – дейді цех шебері.

Мамандардың айтуынша, рельстің жағдайы тоннажығына байланысты, яғни қанша тонна жүктің жүріп өткеніне қарай болады. Жеті жылдан бері осы цехты басқаратын Олег жаңадан келген мамандар алдымен Павлодар мен Қарағандыға 2 айлық оқуға жіберілетінін айтады. Қуәлік алғаннан кейін де олар 5 жылсыз нағыз ақаутабушы маман атана алмайды. Осы мерзім ішінде тұрақты жұмыс істегесін барып, рельс құрамы, оның ақаулары туралы толықтай меңгеріп шығатын болады. Бүгінде бұл цехта операторлардың ең үлкенінің еңбек өтілі 30 жылдан асады. Ең жасының келгеніне небары 2 ай болған.

Цех мамандары биыл жыл басынан бері барлығы 145 ақаулы рельсті тауыпты. Бұл өткен жылға қарағанда 45 пайызға өскен. Жапсы дистанцияға қарасты тәлім бойында сонау 1968 жылы, берісі 1970-80 жылдары салынған рельстер де бар екен. Әрине, соңғы онжылдықта жаңартылғандары да жетерлік. Осындай рельстерді тексеретін ақаутабу құралдары мен арбалар негізінен Молдавия, Санкт-Петербург, Мәскеудегі кәсіпорындар өндірісінен шыққан. Мамандар ай сайын жоспарлы кестеге сай техникалық сабақтарда білімдерін жетілдіріп отырады. Бірақ Олегтің мәлімдеуінше, ақаутабу операторларын оқыту деңгейі төмендеу. Сол жағына дұрыс көңіл бөлінсе деген тілегін білдірді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

ЖАБДЫҚТАУ

ҚАЗАНДЫҚТАР ҚЫСҚА ДАЙЫН

Қызылорда ЖТ бөлімшесіндегі темір жол нысандары мен жол бойы тұрғындарын сапалы ауыз сумен және қажетті жылумен қамтамасыз етуші «Теміржолсу-Қызылорда» мекемесі алдағы қыс маусымына дайындық жасауда.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Мәселен, олар аудан орталықтарындағы жылу қазандықтарын сынақтан өткізіп, жылу құбырларының қысқа дайындығын тексеруден өткізуде. Оған қоса жылу пештеріне қажетті қатты отынға алдын ала тапсырыс беріліп, ағымдық жөндеуден өткізілген көмір сақтайтын

қоймаларды дайындауда. Көгілдір отынмен жылытылатын Шиелі, Жаңақорған станцияларындағы жылу қазандықтары да дайын. Жылу және су құбырлары тазалануда.

Қыс маусымына мекеменің дайындығы жайлы мәлімдеген мекеме бастағы Марат Шайжан жақын күндерде тағы бір жылу қазандығының көгілдір отынға қосылатынын жеткізді. – Мекеме бойынша аймақта 3 су

айдау станциясы, 17 қысымды су мұнарасы, 30 сумен қамту нысаны және 90 шақырымға жуық ауыз су құбыры бар, оларды толығымен қыс маусымына дайындықтан өткізу жұмыстары қатаң бекітілген кестемен атқарылады. Жосалы, Жалағаш, Тереңөзек, Белкөл, Төреғам, Шиелі және Жаңақорған станцияларында орналасқан 8 жылу қазандығы қыс маусымына дайындық сынағынан

өткізіліп, қажет жерінде жөндеу, тазалау шаралары жүргізілуде. Осыған дейін аймақтағы сегіз жылу қазандығы қатты отынмен жылытылып келсе, бір-екі жылдың көлемінде жылу пештерін көгілдір отынға біртіндеп ауыстыру жұмыстарын қолға алдық. Өткен жылы Жаңақорған мен Шиелі станцияларындағы жылу қазандығы газға қосылған еді, біыл Белкөлдегі көгілдір отынға қосылатын пешті әзірлеу жұмысы толық тәмамдалып, жылу маусымында ол газбен жұмыс жасауға кіріседі, – деді Марат Шайжан.

Биыл аймақтағы сегіз жылу қазандығының үшеуі көгілдір отынмен жұмыс жасайтын болғандықтан қалған бес қазандыққа қажетті 210 тонна көмір отынын қоймаға жинап алу үшін тиісті мекеменен келісім-шарт жасалып, жақын күндерде көмір отыны жылу қазандықтарының қоймаларына жеткізіледі деп күтілуде.

СТАНЦИЯ ТЫНЫСЫ



ТӨРТ БАҒЫТҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Қандығаш – Ақтөбе өңіріндегі ең үлкен тораптық станция. Өндірістік-қаржылық қызметте жоғары нәтижеге қол жеткізгені және пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз еткені үшін станция 2009 жалдан бастап үш жыл қатарынан «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Салалық жарыстың жеңімпазы» атанған.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Кластан тыс станция құрамында 5 парк жұмыс жасайды, 232 бағытталмалық бұрма бір орталықтан басқарылады. Станция төрт бағытқа пойыз жөнелтеді және қабылдап алады: Ақтөбе, Никельтау, Жем, Шұбарқұдық. 300-ге жуық теміржолшы еңбек ететін станцияға тоғыз жолдың торабы деген теңеу дәл келеді. Станция жұмысы жыл сайын артпаса, азайып жатқан жоқ. Тәулігіне 22-24 жұп пойыз өтеді.

Жүк түсіру мен тиеу және техни-

калық операциялардың көлемі мен жұмыстың күрделілігіне қарай Қандығаш торабы кластан тыс станцияға жатады. Қауіпсіздікті сақтап, белгіленген жоспарға сай пойыздарды құрастыру, тасымалдау, жүктерді тиеу, түсіру жұмыстары тәулік бойы атқарыла беретін станция ұлттық компания бойынша алдыңғы қатарда. Теміржолшылар станцияға тоқтайтын пойыздарға техникалық қызмет көрсетумен қатар коммерциялық тексеру және анықталған ақауларды жою жұмыстарын да атқарады. Станция арқылы мұнай-газ өнімдері, көмір, металл сынықтары, құрылыс материалда-

ры, руда, астық өнімдері тасымалданады. Жергілікті жүк те аз емес. Бір ғана Қандығаш силикат зауытынан айына жүзден аса вагон кірпіш тиеледі.

– Біздің негізгі функционалды бағытымыз – жүк пойыздарын өңдеу. Жеті айда жоспар бойынша 563 298 вагон жөнелтілу қажет болса, біз 568 253 вагонды жөнелттік, оны асыра орындауға қол жеткіздік. Сонымен қатар станцияда биіктігі 4 метр болатын автоматтандырылған сұрыптау дөңесі бар. Жұмысты операторлар бақылап отырады. Тарам ұзын болғандықтан тежеуіштің үш кезеңінен өткен вагон жылдамдығы баяулатылады. Вагон екпінін оңайлықпен баса алмайсыз. Сондықтан бұл жерде қауіпсіздікпен қоса шеберлік қажет. Жеті айда станция арқылы 550 431 вагон автоматтандырылған паркте өңделді, – деп мәлімет берді Қандығаш станциясының бас инженері Медет Аяғанов.

Дөңес паркі оңтүстік бағытта 8 тарамнан – Жем, батыста – Мақат станциялары арқылы Атырау, Ақтау, Ақтөбе, ал Илецк арқылы Ресейден кесте Тобыл-Орск бағытынан да

пойыздар қабылдап, Қандығашта құрастырылып, жан-жаққа жөнелтіліп отырады. Соңғы жылдары станция арқылы астық тиенін пойыздар да көп жүреді. Станциялықтар ашық пойыздарды бөлек құрастырып, вагон-цистерналарды бөлек жинап, сұрыптау жасайды.

– Станцияның жеті айдағы жүк тиеу жоспары 299 вагон болса, біз-де 1487 вагонға жүк тиелді. Ал жүк түсіруде жоспар 2337 вагон болса, 2526 вагон жүк түсірілген. Осы уақыт ішінде 12 094 пойыз қабылданып, 12 639 пойыз жөнелтілді, – дейді бас инженер.

Ұлттық компанияның экономикалық дамуына үлкен үлес қосып отырған кластан тыс станцияда қазір 256 теміржолшы еңбек етеді. Бір айта кетерлігі, олардың 60 пайызын нәзікжандылар құрайды екен. Олардың дені кеңсе жұмыстары, аппарат кезекшісі, парк кезекшісі, оператор, пойыз қабылдаушы, тауар қассасы, белгі беруші, т.т. қызметтерін атқаратын тәжірибелі теміржолшылар. Қырық мыңнан аса халқы бар Қандығаш қаласы тұрғындарының дені темір жолдың әр саласында еңбек етеді.

Суреттерді түсірген автор

ПЕРЕВОЗКИ

НЕ СБАВЛЯТЬ ОБОРОТЫ

В Карагандинском отделении ГП осуществляется погрузка угля, цемента, железной руды и цветных металлов, а также муки по Казахстану и в страны дальнего зарубежья.



Светлана МОГАЙ,
Караганда

Как отметил начальник отдела логистики и организации перевозок Бауржан Сағындықов, за истекший период текущего года было отгру-

жено более 18 миллионов тонн угля. Вагоны с твердым топливом отправляются в регионы Казахстана, Россию, Кыргызстан, Узбекистан и Швейцарию.

Как известно, Карагандинское отделение ГП является одним из крупнейших филиалов АО «НК

«ҚТЖ» по объемам погрузки и выгрузки среди 14 отделений, так как осуществляет погрузку более 26 номенклатурных грузов на 37 грузовых станциях.

– На территории Карагандинского региона погрузку черных металлов осуществляют такие гиганты промышленной индустрии как АО «Арселор Миттал Темиртау», цветных металлов – корпорация «Казахмыс», – рассказывает Бауржан Сағындықов. – Кроме того в области имеются три крупнейших угольных разреза – УД «Арселор Миттал Темиртау» на станции Караганда-Угольная, АО «Шубарколь комир» на станции Кызылжар и ТОО «KAZAKHMYN COAL», расположенный на станции Нура. Что касается погрузки одного из основных строительных материалов цемента, то за 8 месяцев она составила более миллиона тонн, а муки – 163,9 тысячи тонн.

Следует отметить, что с каждым годом объем погрузки наращивает темпы.

Для выполнения заданных показателей в Карагандинском отделении ГП разработан ряд мероприятий, устанавливающий контроль за работой всех структур, регулярно проводятся совещания с грузоотправителями и грузополучателями на уровне начальников станций, а в отделении ГП – на уровне начальника отделения по взаимодействию железной дороги со всеми предприятиями.

– Первоочередная задача, поставленная перед нами, – это выполнение эксплуатационных показателей при условии соблюдения безопасности и охраны труда. Четкое слаженное взаимодействие внутри коллектива позволяет достигать высоких результатов в поставленных целях и задачах, – резюмировал Бауржан Сағындықов.

Фото из архива

В ТРУДОВОМ РИТМЕ

ПОЛНАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ

Продолжается капитальный ремонт разводящей сети водопровода на станции Екибастуз-2. Это один из больших и переходящих на следующий год проектов ТОО «Теміржолсу-Павлодар». Кроме того, организация проводит ремонт теплотрасс, которые нуждались в реконструкции еще с 1976 года. Словом, в ближайшие три года руководство ТОО «Теміржолсу-Павлодар» ставит перед собой задачу полностью модернизировать свои хозяйственные объекты. Работа предстоит большая.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

По словам начальника технического отдела ТОО «Теміржолсу-Павлодар» Абиджана Исламбакиева, сейчас все силы брошены на капитальный ремонт разводящей сети водопровода станции Екибастуз-2. Проект рассчитан на два года. Руководство решило в первую очередь закончить работы над самым большим и проблемным участком.

– Сама сеть состоит из трех участков. В этом году мы выбрали самый крупный, длина которого 875 метров. Меняем стальные трубы на полиэтиленовые. Как вы знаете, у них длительный срок службы, они устойчивы к коррозии и всевозможным химическим веществам, имеют невысокую стоимость. Кроме того, не разрушаются при замерзании в них воды, – рассказывает Абиджан Исламбакиев. – Конечно, есть свои трудности. Сложность работы состоит в том, что нам приходится переходить через железнодорожные пути.

Если в одном случае две ветки, то в другом целых восемь. Делаем все без вскрытия, 71 метр так сделали. Что это означает? Специальным оборудованием работники делают прокол под железной дорогой, на глубине трех метров прокладываем металлическую трубу большого диаметра, а в нее устанавливаем пластиковую. Таким образом,



не повреждаем железнодорожные пути. Также трудности возникают из-за природных условий. Во время выкапывания траншеи на глубине 1,5-2 метра уже появляется вода. Как известно, водопровод по правилам прокладывают на глубине трех метров. Но этого мы работали в чистом поле, никаких проблем не было. А здесь надо откачать воду, потом дать просохнуть земле.

В этом году ТОО «Теміржолсу-Павлодар» также начало ремонт теплотрассы, которая нужда-

лась в реконструкции с 1976 года. Здесь сотрудники предприятия используют современные полиуретановые изделия, которые просты в монтаже и обладают антикоррозийной защитой. Примерный срок эксплуатации – 20 лет.

По дополнительному договору ТОО «Теміржолсу-Павлодар» на станции Жалпак Семейской дистанции пути проводит ремонт скважины. Сейчас работы практически завершены – установлен блок-модуль, КБМ для очистки воды. В ближайшее время работники станции и население будет пользоваться чистой водой.

– Два вышеназванных крупных проекта завершим в сентябре-октябре. В ноябре приступим к замене котла на станции Ушкүль. Потом пойдут монтажные работы. Подача тепла будет свое-временная, – говорит Абиджан Исламбакиев. – В 2019 году разработали четыре ПСД (проектно-сметная документация – прим. авт.) на четыре участка по замене трубы водопровода и теплотрассы. Например, реконструкция водопроводной насосной станции на станции Коржинколь. По теплотрассе будем переключать 1,2 километра. Ее положили еще в 1953 году. Из-за этого иногда возникают внештатные ситуации. На станции Шидерты поменяем канализационную сеть. Там много жилых домов, плюс наши организации подключены к ней. Если этот проект не сможем реализовать в следующем периоде, то тогда еще через год. Все зависит от финансовой стороны вопроса. Тепловые сети Павлодар-Северный подает отопление нашим железнодорожникам. Мы решили заменить наружные трубы 1972 года.

В прошлом году ТОО «Теміржолсу-Павлодар» на станции Алтынтау сделало ремонт тепловых сетей и провело водопровод. По программе «Мәлдір бұлақ» на станции Екибастуз-1 проведен капитальный ремонт сети – металлические трубы заменены на полиэтиленовые. Также реконструировали разводные сети водопровода на станции Павлодар-Северный.

По дополнительному договору предприятие на станции Котобе проложило магистральную линию, увеличило объем подачи очистки воды. Теперь жителям влажной пользуются не только жители жилых домов, но и близлежащие организации, в том числе вокзал.

Фото автора

АНТИКОРРУПЦИЯ

РАБОТАТЬ ПРОЗРАЧНО

В Костанайе состоялось совещание на тему «Профилактическая работа по предупреждению коррупции в государственных органах и организациях, а также субъектах квазигосударственного сектора» с участием работников подразделений Костанайского отделения ГП.

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Организатором мероприятия выступил департамент агентства РК по противодействию коррупции по Костанайской области.

Как сообщил, открывая совещание, глава антикоррупционного ведомства, данное совещание носит сугубо профилактический и информативный характер, напомнил работникам о последствиях коррупционных действий, а также сообщил, по каким телефонам обращаться в случае столкновения с фактами коррупции.

В свою очередь, директор Костанайского отделения ГП Вячеслав Миронов рассказал, что в Костанайском регионе в полном объеме проводятся все необходимые антикоррупционные мероприятия.

Как уже говорилось, 6 декабря 2018 года между компанией «ҚТЖ» и агентством РК по делам гос-

службы и противодействию коррупции заключено соглашение о сотрудничестве по противодействию коррупции на железнодорожном грузовом транспорте, в рамках которого работает проектный офис «Адал жол». Разработан совместный план мероприятий по исключению бытовой коррупции в сфере железнодорожных перевозок. Также в компании утверждена политика противодействия коррупции и политика конфиденциального информирования, с которыми ознакомлены все работники. Созданы каналы обратной связи, дающие возможность открытого безбарьерного общения. На корпоративном сайте размещен телефон доверия, открыт раздел «Вопрос-ответ». Кроме того, утвержден план мероприятий по противодействию коррупции на 2019 год.

Чтобы не допустить фактов правонарушений при приеме на работу и переводе работников, обеспечивается прозрачность процедур кон-

курсного отбора на вакантные должности. Во все заключаемые договоры включается пункт о противодействии коррупции, обязывающий все стороны не допускать коррупции. Для исключения человеческого фактора внедряются новые технологии в грузовом движении. В частности, доказали свою эффективность автоматизированные системы управления «Договорная и коммерческая работа», «Энергодиспетчерская тяги». Внедрена безбумажная технология оформления перевозочных документов, что позволяет сделать процессы абсолютно прозрачными, исключая коррупционные проявления.

Для исключения коррупционных рисков в сфере пассажирских перевозок в настоящее время на вокзале станции Костанай для обслуживания пассажиров функционируют три билетные кассы АО «Пассажирские перевозки» и три частные кассы. Круглосуточно работает справочное бюро, установлен транзакционный терминал самообслуживания. Успешно используется принцип электронной покупки проездных билетов. Кроме этого, с 28 августа 2019 года приказом МИИР РК отменен комиссионный сбор 1000 тенге за возврат билетов, билеты оформляются на каждого пассажира отдельно, заявки от юридических лиц можно оформить по электронно-цифровой подписи юридического лица, инвалидам всех групп предоставляется пятипроцентная скидка. А для недопущения фактов коррупции во всех структурных подразделениях компании размещена информация о телефонах доверия, куда всегда можно обратиться

НОВОСТИ

В РЕЖИМЕ «ОДНОГО МЕНЕДЖЕРА»

В АО «Қазтеміртранс» налажен процесс обслуживания клиентов по принципу «менеджер – клиент – менеджер».

– Теперь при заключении договора заявка и остальные вопросы сразу перенаправляются в отдел по работе с клиентами. После устного интервью с клиентом, в ходе которого выясняется объем перевозок, род подвижного состава, вид сообщения, какая услуга необходима и другие параметры, определяется менеджер для дальнейшей работы именно с этим клиентом, – рассказала директор департамента по работе с клиентами АО «Қазтеміртранс» Ляззат Жумашева. – Распределять клиентов мы будем, исходя из дополнительных условий договора, а также загруженности менеджеров. Каждый месяц мы анализируем, кто из них сколько клиентов ведет, для того чтобы равномерно поделить нагрузку.

Еще одним нововведением стала рассылка уведомлений на случай болезни или отпуска менеджера. В сообщениях, отправленных клиентам, указываются два номера, по которым в этот период они смогут получить ответы на все интересующие вопросы.

– Раньше, не имея под рукой справочника, клиенты дозванивались в департаменты, у которых нет полномочий и компетенции отвечать на те или иные вопросы, а потом жаловались, что их «футболом». При этом отвлекали сотрудников от их непосредственных обязанностей. Теперь такие случаи практически исключены, – говорит Ляззат Жумашева. – Как и все новое, этот процесс еще будет совершенствоваться, будут исключаться выявляемые недочеты, но принцип «одного окна» уже себя зарекомендовал.

К слову, изменения коснулись и типового договора. Его разбили на пункты, за каждым из которых, согласно утвержденному приказу, закреплены ответственные структуры.

– Если у клиента возникает претензия по исполнению того или иного пункта договора, он, опять же, обращается к менеджеру по работе с клиентами, а тот, в свою очередь, к ответственному департаменту, после чего дает развернутый ответ клиенту, – пояснила Ляззат Жумашева.

Любовь РОВБА

ПОКАЗАТЕЛЬНО, КОМИССИОННО

На станции Шемонаиха прошел показательный комиссионный осмотр. Согласно графику, такие осмотры на станциях Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок проводятся раз в квартал.



